

ӘОЖ 821.512.122.09; МҒТАР 17.82.31
<https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.10>

А.У. БАЙБОЛОВ 

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Филология институтының оқытушысы
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: Alibek.17@inbox.ru*

СҰЛТАН РАЕВ ДРАМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ШЫНДЫҚ

Аңдатпа. Мақалада драматург, қоғам қайраткері Сұлтан Раевтың пьесалары көркемдік шындық тұрғысынан талданады. Тегінде, әрбір көркем шығарма – толық аяқталған, басы бар, аяғы бар тұтас құрылым. Сондай-ақ, мұны сабақтастырып тұратын желі болуға тиіс. Эпикалық жанрдың ірі түрі – драма тарихи-эволюциялық даму үстіндегі, уақыт, заман, дәуір талап-тілегіне, сұранысына сәйкес түрленіп, модификацияға ұшырауға ең бейім әдеби құбылыс екенін ескерер болсақ, Орта Азия елдері: Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан және Қырғызстан драматургиясы жаңа авторлармен, тың тақырыптармен толығып, тек түркі жұртына ғана емес, адам баласына ортақ құндылықтарды насихаттап, өзекті мәселелерді де көтеріп келеді. Сұлтан Раевтың «Меккеге қарай ұзақ жол» драма-эпосында адамның тазаруы, өзін-өзі тануы, өмірде өз жолын табуы, істеген ісіне жауап беріп, күнәдан арылуы, адам мен Құдай арасындағы тылсым байланыс секілді күрделі проблематикалар қаузалған-ды. Ал, «Патшайымның көз жасы» және «Тәж» драмаларында абсурд пен метадрама нышандары басым бола тұра, тарихи тақырып қозғалған. Зерттеу жұмысының материалы есебінде аталған автордың «Патшайымның көз жасы», «Тәж» және «Меккеге қарай ұзақ жол» атты үш драмалық шығармасы алынды. Бұл туындыларды талдау барысында герменевтикалық, салыстырмалы-типологиялық, семиотикалық әдістер қолданылды. Зерттеу барысында автордың пьесаларын бір-бірімен салыстыру арқылы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтасақ, дағара, құм, қара тас, тәж, тұмар секілді нышандарды талдау негізінде драмалардың семиотикалық қырын да ашуды мақсат тұттық.

Кілт сөздер: Сұлтан Раев, драма, қазіргі әдебиет, тәж, Құрманжан датқа, Мекке, символ, жанр, стиль.

A.U. Baibolov

*Lecturer of the Institute of Philology of Abai Kazakh National Pedagogical University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: Alibek.17@inbox.ru*

Artistic Reality in the Dramas of Sultan Raev

Abstract. The article analyzes the plays of a major representative of Kyrgyz literature, playwright, public figure Sultan Raev from the point of view of artistic reality. In origin, each piece of art is an entire structure with a fully completed head and legs. There should also be a succession network. Considering that the largest type of epic genre is drama, which is in historical and evolutionary development, the most prone to transformation and modification in accordance with

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Байболов А.У. Сұлтан Раев драмаларындағы көркемдік шындық // *Ясауи университетінің хабаршысы.* – 2023. – №4 (130). – Б. 116–125. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.10>

***Cite us correctly:**

Baibolov A.U. Sultan Raev dramalaryndagy korkemdik shyndyq [Artistic Reality in the Dramas of Sultan Raev] // *Iasauy universitetinin habarshysy.* – 2023. – №4 (130). – B. 116–125. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.10>

the requirements of time, time, epoch, the drama of the countries of Central Asia: Kazakhstan, Uzbekistan, Tajikistan, Turkmenistan and Kyrgyzstan with new authors, new themes is filled and promotes common values not only of the Turkic people, but also of a human being, thereby the author raises topical issues. Sultan Rayev's drama "The Long Way to Mecca" touched upon such complex issues as human purification, self-knowledge, finding your way in life, responding to what you have done, liberation from sin, and the magical connection between man and God. In the dramas "Tears of the Queen" and "The Crown", where the symbols of the absurd and the genre prevail, the historical theme is touched upon. Three dramatic works by the author were taken as research materials: "Tears of the Queen", "The Crown" and "The Long Way to Mecca". Hermeneutical, comparative typological, and semiotic methods were used in the analysis of these works. In the course of the study, we identified similarities and differences in comparing the author's plays, and also identified the semiotic aspect of the drama based on the analysis of characteristic features: takara, sand, black stone, crown, tumar.

Keywords: Sultan Rayev, drama, modern literature, crown, Kurmanjan datka, Mecca, symbol, genre, style.

А.У. Байболов

преподаватель Института филологии

*Казахского национального педагогического университета имени Абая
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: Alibek.17@inbox.ru*

Художественная реальность в драмах Султана Раева

Аннотация. В статье анализируются пьесы драматурга, общественного деятеля Султана Раева с точки зрения художественной реальности. По происхождению каждое художественное произведение – это цельная законченная структура, имеющая начало и конец. Также должна быть преемственная связь. Учитывая, что драма – крупнейший вид эпического жанра – является литературным явлением, находящимся в историко-эволюционном развитии, наиболее подверженным к трансформации и модификации в соответствии с требованиями, запросами времени, эпохи, драматургия стран Центральной Азии: Казахстана, Узбекистана, Таджикистана, Туркменистана и Кыргызстана дополнена новыми авторами, новыми темами и поднимает актуальные проблемы, пропагандируя общие ценности, присущие всему человечеству, а не только тюркскому народу. В драме Султана Раева «Долгий путь к Мекке» были затронуты такие сложные проблемы, как: очищение человека, самопознание, поиск своего пути в жизни, ответ на содеянное, освобождение от греха, магическая связь между человеком и Богом. В драмах «Слезы царицы» и «Корона», где преобладают символы абсурда и метадрамы, затрагивается историческая тема. В качестве материалов исследования были взяты три драматических произведения автора: «Слезы царицы», «Корона» и «Долгий путь к Мекке». При анализе этих произведений использовались герменевтические, сравнительно-типологические, семиотические методы. В ходе исследования мы выявили сходства и различия путем сравнения пьес автора, а также раскрыли семиотический аспект драмы на основе анализа таких символов, как: такара, песок, черный камень, корона, тумар.

Ключевые слова: Султан Раев, драма, современная литература, корона, Курманжан датка, Мекка, символ, жанр, стиль.

Кіріспе

Драматургия – ән, би, күй, жыр, пластика, поэзия, прозаны бойына жиған синкретті әрі заманамен қатар жүретін, содан үндестік іздейтін болмысы бөлек жанды жанр. Жалғыз

ойдан, жалғыз идеядан бастау алып, кейін пьесаға, драмалық туындыға айналып, шығарма сахнаға жол тартып, рөл-рөлге бөлініп, оны артист сомдап, премьерә болғанға дейінгі аралықта үздіксіз үрдіс, тынымсыз ізденіс жүріп жататыны анық. Драматургия – күрделі жанр. Оған баруға, бел шеше кірісуге тәуекел, уақыт, еңбек, тәжірибе, ізденіс, жаңа әдіс-тәсілдермен қарулану, драматургия және театр тарихын, драматургия техникасы мен заңдылықтарын терең білу қажет. Драматургияның тағы бір ерекшелігі – жазылған пьесаның бәрі тегіс сахналана бермеуінде. Оны жалпы театрдың немесе жекелеген режиссердің ойынан шықпауынан, көрерменді қызықтыру, оның көңіліне жағу, бәлкім талапқа сай жазылмағандығымен де түсіндіруге болады. Қай елдің әдебиетінде болсын драматургтердің аз болуы жоғарыда айтылған факторлармен тығыз байланысты. Драматургия – іс-әрекет, қимыл-қозғалысқа құрылған, темпо-ритм, ішкі немесе сыртқы динамикаға негізделген сала. Драмада 3 классикалық бірлік бар: уақыт бірлігі, орын бірлігі, уақиға бірлігі. Бұл туралы Г. Лессинг «Гамбург драматургиясы» атты еңбегінде былай дейді: «Единство действия было у древних первым законом драмы; единства времени и места были, так сказать, только следствиями его, с которыми они едва ли считались бы так же строго, как того необходимо требовало первое условие, если бы хор не являлся связующим началом» [1, 248-б.]. Орталық Азияға Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан мен Қырғызстан енетіні анық. Орта Азия – Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан, байырғыдан мәдениетке, өнерге, тарихқа, әдебиетке бай мекен. Аталған аймақта әдебиет, оның ішіндегі драматургия жанры күн санап қарқынды дамуда. Бұл – бір жағынан әдеби-мәдени интеграцияның, саяхатшылардың Орта Азияға деген қызығушылығының, ал екінші жағынан жаһандандудың әсері деп білген абзал. Осы ретте, қырғыз әдебиеті – халық ауыз әдебиетінен нәр алған, әдеби-мәдени кеңістікте өз орнын айқындаған, бай тарихы бар әдебиет. Қырғыз әдебиеті дегенде академик, ғұлама ғалым, классик жазушы Мұхтар Әуезовтің шәкірті – Шыңғыс Айтматов өз алдына бір төбе боп елестейтіні шындық. Негізінен, қырғыз драматургиясы 1920-шы жылдардан бастау алады. Қырғыз драматургиясының аяқтан тұруына атсалысқан мына авторларды атап өтуге тиіспіз, бұлар – М. Токобаев, С. Қарачев, К. Жантөшев, Ш. Көкөнов, Ж. Тұрысбеков, Ж. Бөкөнбаев, К. Мәліков, А. Токомбаев, А. Осмонов, Т. Абдумомунов, Б. Жакиев, Ж. Садыков, М. Тойбаев, Б. Өмүралиев, М. Гапаров, М. Байджиев, т.б. Бұлардың сапындағы, Шатман Садыбакасовтың «Ақбоз ат», «Тайлақ баатыр», Бексұлтан Жакиевтың «Атаның тағдыры», «Алты аяқ», Шыңғыс Айтматовтың «Фудзиямаға көтерілу» (қазақ драмашысы Қалтай Мұхамеджановпен бірге жазған), Мар Байджиевтың «Жекпе-жегі» атап өткен жөн. Сондай-ақ, Тәшім Байджиев («Жігіттер»), Исраил Ибрагимов («Бөдененің әні»), Чолпон Келдібекова («Досыңды ұмытпа»), Асан Кененсаринов («Бірбеткей», «Эзоп»), Жаныш Құлмамбетов («Жүректегі от»), «Талант пен тағдыр», «Аманбысың, жасауыл?!», «Шыңғыс пен Бибісара», «Менің ертегім», «Қанат пен Зарина», «Шахид қыз», «Эшафот»), Таалайбек Осмонов («Алаңдамаңыз, мен сіздің доғдырыңызбын!», «Манастың күмәні»), Қайрат Иманалиев («Құрманжан датқа», «Атаке баатыр», «Актриса», «Манасшы», «Қорқыт», «Үміт»), Әбібіллә Пазылов («Бішкектегі уақиға»), Нұрия Шағапова («Достық жеңген кез», «Тақиялы бала»), Шерімбек Шаршеев («Ақ-Чуке мен Куучуке»), Баходир Шералиев («Аччиқ хақиқат еки Нодирнинг хаетидан бир лавқа»), т.б. авторлар қазіргі қырғыз драматургиясының өкілдері. Бұл тұрғыдан келгенде, жазушы Сұлтан Раевтың әдебиеттегі алар орны алабөтен. Аталған автордың «Меккеге қарай ұзақ жол», «Патшайымның көз жасы» және «Тәж» секілді драмалары – көрерменге, әдеби қауымға жақсы таныс.

Автордың драмалық шығармаларын талдамас бұрын, әуелі шығармашылық жолына тоқталып өткенді жөн көрдік. Сұлтан Раевтың 1987 жылы «Чан жол», 1990 жылы «Күн қармаған бала» атты кітаптары жарық көрген. Бұл көркем шығармалары украин және орыс тілдеріне аударылған болатын. Автордың «Күн қармаған бала» повесі 1993 жылы Пекинде қытай тілінде басылып шыққан-ды. Сол кітабы үшін Қырғызстанның Лениндік комсомолы

сыйлығының иегері атанған. Ол тек жазушы, драматург, журналист, көсемсөзші, қоғам және мемлекет қайраткері ғана емес, сондай-ақ режиссер ретінде де танымал. Қаламгердің драматургия жанрындағы тырнақалдысы – «О, қыздар» трагедиясы. Аталған туынды 1990 жылы Н. Әбдіқадыровтың бастамасымен «Тунгучь» («Тұңғыш») театрында сахналанған еді. Содан кейін, 1992 жылы «Дубал», 1993 жылы «Әйел», 1998 жылы «Қашар», 1999 жылы «Тайамам», 2001 жылы «Патшайымның жоқтауы», 2003 жылы «Барсбек», т.б. пьесалары қойылды. «Күн қармаған бала» қойылымы 1991 жылы Халықаралық «Наурыз» («Нооруз») театр фестивалінде бірінші орынды еншіледі. Ал, «Тайамам» қойылымы тек Қырғызстан Республикасында ғана емес, шетелде де белгілі. Ол 1999 жылы Өзбекстанда (Қарши қ.), 2000 жылы Башқұртстанда (Уфа қ., Ресей), Германияның Мюльхайм қаласында өткен Халықаралық театр фестивалінде дипломант, 2003 жылы «Патшайымның жоқтауы» спектаклі Ирандағы I Халықаралық театр фестивалінде Бас жүлде, 2006 жылы «Қашар» драмасы Қазақстандағы (Алматы қ.) Халықаралық театр фестивалінде Гран-При иеленді.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеу жұмысының материалы есебінде қырғыз қаламгері – Сұлтан Раевтың «Патшайымның көз жасы», «Тәж» және «Меккеге қарай ұзақ жол» атты үш драмалық шығармасы алынды. Аталған туындыларды талдау барысында герменевтикалық, салыстырмалы-типологиялық және семиотикалық әдістер қолданылды. Зерттеу кезінде автордың пьесаларын бір-бірімен салыстыру арқылы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтасақ, дағара, құм, қара тас, тәж, тұмар секілді нышандарды талдау негізінде көркем туындылардың семиотикалық қырын да ашуды мақсат тұттық. Нысан ретінде таңдалған мәселені зерделеу мұратында талдау, салыстыру, түсіндіру және жинақтау әдістерін басшылыққа алдық. С. Раевтың шығармашылығын төмендегі ғалымдар, әдебиеттанушылар, сыншылар жан-жақты зерттеген еді: Б. Жылкибаев «Сбудется коемуждо по делам его...» («О новой книге Султана Раева «Потоп»), Алымбаева Б.А. «Проблема нравственности в рассказах Султана Раева», С. Караман «Султан Раев – наша гордость, достоинство и совесть народа», К. Мамбеталиев «Караван совести», М. Апышев «Лишь имеющий душу способен судить себя по законам совести и добра...» («Размышления о романе Султана Раева «Душевная кара» («Жанжаза»), Н. Карасартова «Ревью на Султана Раева «Потоп», Т. Чоротегин «Эр Тёштюк» в прочтении Мусы Мураталиева» (Попытка микро-рецензии), т.б.

С. Раев – «Шаңды жол», «Су», «Топырақ», «Аял» («Әйел»), «Соцреализм», «Он үш», «Аптаның бесінші күні», «Күн үшін аң аулау», «Қашаба», «Топан» («Топон»), «Патшайымның жылауы», «Тәж», «Жанжаза», «Қара», «Стандартқа қарсы» шығармаларының және «Құрманжан датқа» (2013 ж.), «Екі» (2006 ж.), «Қала» (2015 ж.) деген киносценарий авторы. Раев Сұлтан Әкімұлы – 2005–2010 және 2013–2014 жылдар аралығында Қырғызстанның Мәдениет министрі, 2002–2004 жылдары Қырғызстан Республикасының Білім және мәдениет министрінің орынбасары қызметін атқарған тұлға, Қырғызстанның Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Қырғызстанның Халық жазушысы, Тоқтағұл Сатылғанов атындағы Қырғызстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, 2-ші кластағы Қырғызстанның мемлекеттік қызметінің кеңесшісі, Еуразия Жазушылар одағының мүшесі. Орта Азия кеңістігіндегі қырғыз әдебиетінің даму қарқыны ауыз толтырып айтарлықтай. Бұған бірнеше фактор ерекше әсер еткені анық. *Біріншіден*, елдегі әлеуметтік, саяси, экономикалық ахуал, *екіншіден*, өз тарихын тануға деген талпыныс, идентификация, *үшіншіден*, қырғыз мәдениетін насихаттап, әдебиетін, өнерін сырт елге паш етуге деген құлшыныс. Қырғыз авторларының шығармасындағы саяси дискурстың басым болуын революциямен, халық пен Үкімет арасындағы қарама-қайшылықпен байланыстырсақ қателеспейтініміз сөзсіз. Бір байқағанымыз, осындай саяси-әлеуметтік қатпары қалың

мәселелерді көркем туындыға айналдырар кезде аңыз, эпсана, абсурд, мысқыл, аллегорияға көбірек жүгінетінін байқадық. Мұны Сұлтан Раевтың «Меккеге қарай ұзақ жол» атты драма-эпсанасында өзін Император сезінген Адамның бойынан байқау қиын емес. Сұлтан Раев «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында былай деп айтқан еді: «Алда Азия әдебиетінің алтын дәуірі келе жатыр. Басқаша айтқанда, Орталық Азия әдебиеті, оның ішінде қырғыз әдебиеті қазір өзгеше бір форма, мазмұнға өтіп жатқандығы анық. Себебі, бүгінгі сөз саптаудың эстетикасы да, талабы да, философиясы да әлдеқашан басқаша бір ағым, арнаға өтіп кетті» [2, 7-б.].

Талдау мен нәтижелер

Әдебиеттанушы Шоқан Шортанбай көркемдік шындық туралы былайша ой қорытады: «Жазушы өмірбаяны мен шығармалары арасындағы ұқсастық сырының себебін өмірден көрген-білгені мен керекті дерегін сұрыптап беруде, өмір шындығын реалистік тұрғыда сипаттауда шынайылықты арттыра түсуге септігі тиетінін, оған көркемдік шындыққа ұластырудағы өзіне тән суреткерлік шеберлігін қоссақ, мәселенің байыбын түсінер едік» [3, 113-б.]. Сұлтан Раевтың «Патшайымның көз жасы» – қырғыздың мемлекет әрі әскери қайраткері, 1832–1876 жылдар аралығында алай қырғыздарының билеушісі болған, «Алай патшайымы», «Ұлттың анасы» атанған Құрманжан датқа туралы драма. Датқа – Бұхар, Қоқан әмірліктерінде, Орта Азияда қолданылған, билерден үстем, ал сұлтандармен пара-пар дәрежедегі шен, басшыға, ханға я өмірге ғана бағынатын тұлға, ерекше күшке ие саяси титул. Бұл сөздің арғы тегі парсыдан бастау алады екен. Датқалар ел ісіне емін-еркін араласып, үлкен мәселелерді шеше алатын қауқарға ие болған-ды. Олар әкімшілік әрі әскери жұмысқа да араласа алған, хан сайлау ісінде де зор беделге ие, генерал-губернатормен теңдес болғанды. Құрманжан Маматбайқызы Ош маңындағы Алай тауы етегін мекен еткен, көшпелі мұңғыш тайпасынан шыққан отбасыда туған-ды. Он сегізге толғанда Құрманжанның әкешесі оны өзінен әлдеқайда жасы үлкен еркекке үйлендіргісі келеді. Алайда, ол қашып кетіп, қайтадан төркініне оралады. 1832 жылы датқа шенін иеленген, Алай қырғыздары тайпаларына басшылық қылған бай-бағлан Әлімбек Бек Құрманжанмен некелеседі. Ол бес ұл дүниеге әкеліп, күйеуінің кеңесшісі әрі сенімді серігі болады. Отыз жыл отасқан екеуі ыстық-суықты да, жамандық пен жақсылықты да, ақ пен қараны да қатар көреді. Қоқандар кезінде сарайдың астыртын істеріне қатысқан Әлімбек Бек 1862 жылы өмірден өтеді. Билік елуді еңсерген жарына көшеді. Құрманжан алай қырғыздарының қошеметіне ие болып, он мыңдық әскерді басқарады, батырлығымен, қайсарлығымен, қайраткерлігімен көзге түседі. Тәкаппарлығымен танылған Қоқан әмірі – Құдияр қырғыздарға қысым көрсетіп, алым-салық төлеткенде, аталған тарихи тұлға езгіге қарсы шығып, абыройы арқасында салықтан босатып, Алай билеушісін датқа ретінде тануға мәжбүрлейді, соның қабылдауына кірген алғашқы әйел атанады. Автор осындай тарихи детальдарды көркем шығармасында шеберлікпен шендестіреді, тарихи тұлғаның рөлін, ықпалын көрсетеді.

С. Раевтың 2003 жылы жазылған «Патшайымның көз жасы» атты формасы бөлек, эксперименталдық драмасында Құрманжан датқа, Силуэт, Бірінші кейуана, Екінші кейуана, Үшінші кейуана сынды 5 кейіпкер бар. Ж.Ә. Аймұхамбет, Қ.С. Құрмамбаева, М.Н. Миразова көркем бейнеге мынандай анықтама береді: «Бейне – бұл шынайы өмірдегі заттар мен құбылыстардың философиялық-психологиялық тұрғыда сана-сезім арқылы қабылдауының бір мысалы болса, бейнелі ойлау – көркем туындының басты ерекшелігі. Яғни бейне – сананың құбылысы, өнер теориясында ол сезіммен қабылданатын шындықтың бір пішіні ретінде түсіндіріледі» [4, 41-б.]. Драмадағы негізгі уақиға алақөлеңкелі жерде өтеді. Қара киінген үш кейуана беттерін көлегейлеп шоқыда отырады. Бірде қараңғылықты қақ жара жарық түсе бастайды. Қозғалмай отырған оларға жан бітіп, даңғырлаған дағара дауысы естіледі. Автор көрерменді сол қанбазар тіршіліктің, тарихи уақиғалардың ортасына,

шиеленіскен атмосферасына енгізеді. Дағара мен қара түс – алдағы келе жатқан ауыр ахуалдардан хабар беретін символика. Кейіпкерлер құммен шеңбер сызады. Мұнда үлкен мән жатыр. «Символдар сөздігінде» құмға мынандай анықтама берілген: «Ол тұрақсыздықты білдіреді. Ислам дәстүрінде тазалықпен ұғымдас. Өйткені, су табылмаған жағдайда, онымен дәрет алуға болады. Синонимдер: лумп, мальм, мелис, ортзанд, псаммит, қант, түйіршіктелген қант, борпылдақ» [5]. Шығыс халықтары құмды уақытпен, мәңгілікпен, мәнсіздікпен байланыстырады. Бұл жапон жазушысы, драматург, эссеист Кобо Абэның «Құм құрсауындағы әйел» романында көрініс тапқан-ды. Ал, «Белгілер мен символдар. Семиотика» еңбегінде шеңбер ұғымы былайша тәпсірленген: «Тепе-теңдік, тұтастық, бейбітшілік, күн, аспан символы. Тоқтаусыз, дамылсыз өмірдің, бастау мен аяқталудың шекарасы айқындалмауының нышаны» [6, 117-б.]. Шығармада иегі кемседеп, Құдайға жалбарынған кейуаналардың өлеңдетуі өзекті өртер жайттардан хабар беретіні сөзсіз. Құрманжан датқаның ұлттық аспап – ооз комузды (бізше қобыз. – А.Б.) күңірене шалуы елдегі тарихи, саяси уақиғалармен де сабақтастығы бар. Драмада пластика басым. Үш кейуананың үшбұрыш құрып, орталарына жүрек пішіндес тұмарды қоюы, Силуэт иығындағы қоржында қойдың, жылқының басы жатуы, сахнаға аршаның исі жайылуы, ханшаның намаз оқуы, арланның даусы, Ақбуура өзенінің гүрілі, Құрманжан датқаның: «Жақсы хабар әкел!» – деп көгершінді ұшыруы, ұлы – Қамчыбекті, жары – Әлімбекті (Алымбек) сағынуы драмада жан-жақты көрініс тауып, терең психологизм ым-ишарамен, емеурінмен көрсетілген. Автор поэтикалық мәтін мен монологқа басымдық беріпті. Бұл туындыда патшайымның жерге деген адалдығын, ұлдары – Абдылдабек, Батырбек, Мамытбек, Асанбек, Камчыбектерге деген аналық махаббатын сезінеміз. Драматург Силуэтті кісіге жаман ой салатын азғындаушы ретінде суреттеген-ді. Силуэт – Құрманжан датқаның күмәні, уайымы, шеккен азабы, ішкі коллизиясы.

«Силуэт. Қасқыр қасқырдың көзін шұқып жейтін уақыт туды. Кедейге байлық, қатынға билік берме деп бекер айтылмаған екен ғой. Соңғы кезде сізбен тілдесу қиындап кетті. Басыңыз алтыннан жаралса да төменетекті боп қала бересіз.

Құрманжан датқа. Ішті кептірмей турасын айт.

Силуэт. Сіз үшін билік соншалықты тәтті ме? Мәңгілік не бар? Ештеңе. Байқұс Әлімбек-ай. Ол ақылшым боларлық мықты әйел алдым деп жүр ғой. Бірақ, оңбай ұрынған. Қатынының табанында тапталған, соның сөзінен шыға алмайтын ханда абырой да, болашақ та жоқ. Адамның көзі тойымсыз келеді. Ол топыраққа ғана тояды.

Құрманжан датқа. Жетер!

Силуэт. Бүгін – еңкілдей жылап, етегіңіз жасқа толатын күн. Бүгін – сіздің морт сынатын күніңіз.

Құрманжан датқа. Құдайым-ай!» [7].

Қаламгер 2013 жылы осы пьесаның желісі бойынша киносценарий жазып, «Құрманжан датқа» атты кино көрерменге жол тартқан еді.

Сұлтан Раевтың 2010 жылы жазылған «Тәж» («Таажы») драмасы да – «Патшайымның көз жасымен» үндес, тарихи тақырыпты қаузаған, билеуші таптың трагедиясы, қоғаммен байланысы көрсетілген, жауапкершілік пен терең тебіреніс мәселелері қозғалған көркем шығарма. Бұл туынды Қырғызстанда өткен II Республикалық театр фестивалінде Бас жүлде ұтып алған. Реалды және «абстракциялық әлем», театралды ойын мен өмір арасында жүрген Адам, Силуэттер, Кейуаналар, Елес қыз, Пері қыздар, Бақсылар – қоғамдағы қилы-қилы жүкті арқалаған бір-бір типаждар. Адам алтын тәжді көріп, оны жылтырата сүртіп, киіп алады. Тәж оның басына сыймаса да күштеп орнықтырады. Темір ет-терісін қажап, артынша бетін қан жуады. Бұл – билік қанмен келеді, темірдей суық тәртіп орнайды деген белгі. Адамның сахнада арлы-берлі жүріп, жан-жағына паңдана көз тастауы, маңғаздануы – билікқұмарлықтың нышаны.

«Адам: Ей, менің кім екенімді білесіңдер ме?.. А?.. Білесіңдер ме?.. (Жауап күткендей құлақ түреді). Естімей тұрмын... Қаттырақ-қаттырақ... Мен кімін, а? (Айнала тым-тырыс) Мен... Мен? (Қолына және өзіне таңдана қарайды. Делқұлы ұқсап қарқылдап күледі де жымыып, маңайына ұрлана көз тастап, сыбырлай сөйлейді) Мен... мен... патшамын. Патшамын, иә-ә... Пат-ша! Қолымда – билік, қалтамда – ақша, қарамағымда – қызметшім болмаса да... Сенемісіз?.. Барым, байлығым мына – алтын тәж». Жынды жел Адамның басындағы тәжді ұшырып жібереді. Ол тәждің артынан қуамын деп әбден сілелеп, ақыры әл-дәрмені құрып, жерге құлайды. Жел – тарих. Мызғымас дүние болса, онда тәж тамыры тереңге кеткен бәйтерек ұқсап өз орнында қалар еді. Мұнда: билік (патшалық) – тақ – қаржы-қаражат деген ұштаған туындайды.

«Силуэт: Ей, сен кімсің?

Адам (Басын көтеріп): Мен?.. Мен – патшамын...

Силуэт: Пат-ша-мын?! Сен бе?!

Адам: Ұқсамаймын ба, әлде сенбей тұрмысың?

Силуэт: Көлденең көкаттының бәрі тегіс өзін патшамын десе кім сенеді? Бопты делік, патша екенсің. Ал, тәжің қайда?

Адам: Жел жұлып әкетті!.. Қуып едім, жете алмадым. Көрдің бе?

Силуэт: Көргенде қандай. Басымды қатырма. Табаныңды жалтырат. Әйтпесе, жел емес, төбеңе құйын ойнатам.

Адам: Не дейді? Жаман құл! Патшаны айыра алмай албасты басты ма, сені?

Силуэт: О, Құдай! Пәлі, жалаңаяқ жар кешкен патшаны қарай гөр! Саған ерік берсе, өзіңді Жаратушы, өзіңді Мұса, өзіңді жаналғыш Әзірейіл жариялайтын түрің бар ғой».

Жоғарыдағы монолог, диалогтардан зілді мысқыл, уытты әзіл сезіледі. Кемпірлердің жұмақты аңсауы – заман, жүйе өзгереді деген ниет, жақсы өмір сүруге деген құлшыныс. Мұнда автор «жұмақ» деп мамырстан кезді, жанға жайлы уақытты меңзеп отырғандай. Сұлтан Раев авторлық ойын айқындай түсу үшін Шекспирдың (Шакспир) «Ромео мен Жульеттасындағы» диалогты, «Лир патшадағы» монологты қолданады. Драманың негізгі кейіпкері – Адамның сөзіне сенсек, жынды жел оны «Ұлы тұлғалар моласына» әкелген екен-мыс. Силуэттың Адам мен Үшінші кемпір көзін қара матамен байлауы, Бақсының жындарын шақырып аласұруы, от жағуы – шығармаға динамика қосатын факторлар. Бұл ретте, «Тәж» драмасы – шарттылыққа, символға, сана ағысына негізделген көркем туынды.

Сұлтан Раевтың «Меккеге қарай ұзақ жол» атты драма-эпсанасы 2008 жылы Қырғызстан астанасы – Бішкек шаһарында жазылып, алғаш болып «Учур» театрында сахналанған (режиссері – Барзу Абдуразаков). Одан кейін Астанадағы Жастар театрында қойылды. Қойылым режиссері – Нұрқанат Жақыпбай. Аталмыш спектакль 2011 жылы Алматыдағы Ғ. Мүсірепов атындағы академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында өткен ХІХ республикалық театр фестивалінде топ жарып, Бас жүлде жеңіп алған. Драмадағы кейіпкерлер: тәж миына, басына қоса біткен Адам (Император), Жарықтың антиподы, соның белбаласы – Көлеңке, арманшыл, естеліктер елінде жүретін Кейуана, нәпсісіне тас лақтырған Ересек (қажылығын өтеуші мұсылмандар Меккеге барып, шайтанға қалай тас лақтырса, бұнда да солай), құрбанның кейпін кешкен Бала, ремарка қызметін атқарып жүрген Қыз және маңғаз, көп ешкімді көзге ілмейтін, өзін өзгеден жоғары көретін Ақын. Академик Рымғали Нұрғали: «Көркемдік құралдар, әдеби дәстүрлер оп-оңай, тез өзгере салуға ырық бермейді, алайда, суреткердің дүние танымы, тақырыпқа келуі, бейне жасауы – бұл орайдағы құбылыстар, түптеп келгенде, болмыстың, өмірдің ағымынан жырылып, томаға тұйық қала алмайтынын» [8, 272-б.] айтқан болатын. Туындыдағы хронотоп: «жындыханаға ұқсас кеңістік», «түрмедегі серуендейтін орын» я «бокшыларға арналған, канаты жоқ шаршы алаң». Автордың суреттеуіндегі эпсанада минимализм және камералық театрға тән элементтер басым: сахна ортасында төсек, бірнеше орындық, кәкір-шүкір, ұсақ-түйек заттар.

Адам аяқастынан Император боп шыға келеді. Сөзін бақсақ, Адамнан бұл жөнінде ешкім сұрамаған ұқсайды. Ол халқына арнап сөйлеген сөзінде: «Мен – Император, тұтас жамағатты қасиетті мекенге алып барып, күнәларын кешіріп, ләззат, теңдік пен бақыт жолында Жұмақтың есігін ашам. Ұлы ағаштың көлеңкесінде мәңгілік сүтті өзеннен рақаттана ішіп, жеміс-жидек жеп, хор қыздарының құшағына құлайсындар», – деп уәде беріпті. «Меккеге қарай ұзақ жол» – Құдайдан ажырап, жеке басқа табынып, өмірдің басты бағдарынан адасып, күнәһар боп, лас дүниеге белшесінен батқандарды әшкере ететін, арқалаған жүгі ауыр, айтары мол, өнегесі көп интеллектуалдық драма-эпсана. Г.С. Каримова қазіргі драматургияға тән мынандай ерекшеліктерді тілге тиек етеді: «Драмалық шығармалардың жанрлық ерекшелігі, *біріншіден*, көркем шындық пен бейнелерді жинақтап сыйғызатын пьесалардың ықшам көлем-мөлшері, *екіншіден*, пьесалардың әдеби-поэтикалық болмысын танытатын кейіпкерлердің диалогтары мен монологтарының өрнектері, *үшіншіден*, кейіпкерлердің қимыл-әрекеттерінің – тартыс-қақтығыстарының шынайылығы» [9, 453-б.]. Зерттеуші атап өткен осы 3 ерекшелікті де «Меккеге қарай ұзақ жол» драмасынан байқай аламыз. Адамның монологында өзінің жан сыры, ішінде жатқан құпиясы, тәубесі жатыр. Драматург соны ашу, таныту арқылы көптің көкейіндегі сөзді деп басқандай болды: «Сіздерге мынаны айтқым келеді... Ол жерге барғанда да... Қалайық, қаламайық, баратынымыз анық қой... Ол бізге тесіле қарайды... Өңменіңнен өтердей қарайтыны сонша, дәрменсіз күй кешеміз... Ол бәрін көреді, біледі... Одан құпиянды жасыра алмайсың... Бойынды үрей билейді. Ол сенің жан дүниенді көріп тұрады. Тозақ дегеніміз – от ойнаған қазандар емес, тозақ мына – біз емес пе?! Қысқа ғана өмірімізде, арымызды саудалап, шындықтан аттап, біреудің арына араша түсе алмай, Құдайға құлшылық етпей, шыншыл дос болмай қашанға шейін жүрмекпіз?! Нәпсіге еріп, базардағы саудагер ұқсап жақсылықты да, жамандықты да теңдей сатып, Жаратушыға да, шайтанға да жағынып жүрген мына ісіміздің арты не болар екен?.. Қиындықты еңсеріп, жамандықтан арылған күннің өзінде Аллаға не деп айтамыз? Күнәмізді қалайша жуып-шаймақпыз? Мұндай хайуани тірлікте қандай қайыр, қандай береке болмақ?». Драмадағы түйін, лейтмотив – «Құдай әркімнің өз жүрегінде». Көлеңкенің өзіне-өзі берген анықтамасы бір жағынан күлкілі, бір жағынан қасіретті: «Мен – көлеңкенің ұлы Көлеңкесімін». №7-ші бөлмені іздеп жүрген Қыз бойында ұяндық аңғарылады. Ол: «Құдай дегеніміз – махаббат!» – деп күбірлейді. Бұл эпсанада дуализм бар. Мысалы, Қыз «театрдағы Ремарканы», «емеурін», «акцент», «символ», «метафора», «аллегория» қызметін де атқарады. Автор 100-ге шейін санағысы келген Кейуананың аузына 23, 36, 37, 38, 25, 39, 40, 41, 42, 26, 43, 44, 55, 57, 13, 14, 17, 26, 62, 65, 5, 6, 120, 33, 230 деген сандарды салады. Сандық кодтың астарын қазбаласа Қырғыз Республикасына қатысты тарихи даталарды тануға болады. Кейіпкер: «Байқұс, байқұс сандар», – деп өкінеді. Баланың мына монологында үлкен мән-мағына, астар, тарихи параллель сезіледі: «Сөйтіп, сатраптар, қолбасшылар, жоғары сот қызметкерлері, қазына күзетшілері, құқықтанушылар, заң өкілдері және облыс билеушілері Навуходоносор патша тұрғызған идол алдына жиналды. Хабаршы келген жұртқа былай деп жарлық шашты: «Керней, сыбызғы, цитра, гусли мен симфония дауысын естіген сәтте Навуходоносор патша орнатқан еңселі ескерткішке, алтын идолға бас ұрындар... Сонда бәрі тізерлей кетіп: «Патшамыз мәңгі жасасын!» – деді». Драматургияға қатысты А. Тымболованың мына ойы құнды: «Кез келген көркем шығармада автор өз ойын кейіпкердің пікірі, көзқарасы, сөз саптауы арқылы береді. Ал, бұл жайт драмалық шығармаларда кейіпкерлердің диалогы арқылы іске асады. Сондықтан да драматургиялық шығармалардағы жауап алмасу мақсатындағы диалогтар қысқа да нұсқа, ұтқыр ойға құрылатындықтан, нағыз шеберлікті талап етеді. Драматургия жанрының қиындығы да осында» [10, 328-б.].

«Бала (Батыл көрінгісі келіп, қолына асатаяқ ұстап): Көмектесіңдерші! Көмектесіңдерші маған! Жанымды жараламаңдаршы.

Көлеңке. Доғар, қане.

Кемпір. Мен екі суырды білетін едім. Біреуін Жинда, екіншісін Маркс деп атайтын.

Ересек. Маркс?

Қыз. Маркс.

Көлеңке. Ленин біздікі болған дейді, білетіндер. Бұл туралы естіп пе едіңіз?

Кемпір. О, тоба... Ленин де...

Бала. Ұлылардың бәрі бізден шыққан ғой!

Ересек. Әлемді құрған – біз, адамзатты мәдениетке үйреткен де – біз, адам ұқсап жазуды да біз үйреніп жатырмыз ғой.

Көлеңке. Ал, сендер Седрах, Мисах пен Авденаго алтын идолға табынбағаны үшін отты пешке тасталғанын білесіңдер ме?». Көлеңке айтып отырған Седрах (Шадрох), Мисах (Мешах) және Авденаго (Анания, Азария, Мисаил) – Навуходоносор тұрғызған алтын идолға бас ұруға қарсы шыққан, сенімі сыналған інжілдік кейіпкерлер. «Біз Құдайға ғана құлшылық етеміз. Ол бізді қорғайды. Өлсек те дінімізден айнымаймыз», – дейді олар. Сонда патша қаһарланып, оларды отты пешке тастайды. Құдайдың құдіретімен, әлгі үшеуді періштелер қорғап қалып, олар оттан дін аман шығады. Бұған қатты таңғалған патша Жаратушыға сенеді, шын иланады. «Меккеге қарай ұзақ жол» – сенім, Жаратушыға деген адалдық туралы драма-эпсана. Драматург бұл оқиғаларды қатар қою арқылы сеніміне селкеу түскен халықтың, құбыласынан құр қалған адамзаттың психологиялық портретін жасаған.

Қорытынды

Тегінде, әрбір көркем шығарма – толық аяқталған, басы бар, аяғы бар тұтас құрылым. Сондай-ақ, мұны сабақтастырып тұратын желі болуға тиіс. Эпикалық жанрдың ірі түрі – драма тарихи-эволюциялық даму үстіндегі, уақыт, заман, дәуір талап-тілегі, сұранысына сәйкес түрленіп, модификацияға ұшырауға ең бейім әдеби құбылыс екенін ескерер болсақ, Қырғызстан драматургиясы жаңа авторлармен, тың тақырыптармен толығып, тек түркі жұртына ғана емес, адам баласына ортақ құндылықтарды насихаттап, өзекті мәселелерді де көтеріп келеді. Осы ретте, Сұлтан Раевтың «Меккеге қарай ұзақ жол» драма-эпсанасында адамның тазаруы, өзін-өзі тануы, өмірде өз жолын табуы, істеген ісіне жауап беріп, күнәдан арылуы, адам мен Құдай арасындағы тылсым байланыс секілді күрделі проблематикалар қаузалған-ды. Ал, «Патшайымның көз жасы» және «Тәж» драмаларында абсурд пен метадрама нышандары басым бола тұра, тарихи тақырып қозғалған. Бұл – автор ізденісінің арқасы, ұзақ жылдар бойындағы еңбектің нәтижесі. Көрермен көкейіндегісін дөп басып, дәл тану – әрбір қаламгердің міндеті. Сұлтан Әкімұлының негізгі ерекшелігі – өзіне ғана тән тіл өрнегі, қайталанбас қолтаңбасы және бүгінгі өзекті мәселелерді сөз етуі. Автордың драмаларында қою конфликт, интрига, перипетия, шиеленіскен сюжет, қақтығыс үстінде жаңа қырынан ашылатын мінездер, көркем бейнелер, финалдың тосын, әрі ойлы аяқталуы, кейбір қаһармандардың қайталануы, формалық ізденіс, стильдік диффузия, ішкі динамика, статика көзге анық ұрады. Сұлтан Раев тіршіліктегі түрлі-түрлі әлеуметтік, саяси, діни, рухани феномендерді сырттай бақылап қана қоймай, бұны өз дүниетанымының призмасы арқылы да өткізетіні анық аңғарылады. Біз мұны «Соңғы өсиет», «Чан жол» («Шаңды жол»), «Күн қармаған бала», «О, қыздар», «Дубал», «Әйел», «Қашар», «Тайамам», «Патшайымның жоқтауы», «Барсбек», т.б. драмалық туындыларынан көре аламыз.

С. Раев драмаларындағы көркем бейнелер ниетін, ойын, пиғылын тереңінен толғай отыра, әлеуметтік ортаға кейде сіңісіп, кейде сіңіспей жатады. Автор драмаларындағы негізгі конфликт осы арада туындайды. Ол сұлу сөз қууды мақсат тұтпайтыны байқалады, қайта қаһарманның жан дүниесіндегі ешкім білмейтін сырды, сырт көзге айтпайтын мұң-зарын, шығарма құрылымын, интонациясын айқындауға күш салады. Оның авторлық концепциясы, оның драмаларындағы басты арқау, негізгі өзек – адамға құндылық ретінде қарауында.

Драматург адам мен қоғам, адам мен Жаратушы, жан мен сезім арасындағы транзистор қызметін атқарады.

ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландырған АР13067896 «Орта Азия әдебиеті: посттаршылдық эстетика және әдеби байланыстар» жобасы аясында жазылды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Лессинг Г. Гамбургская драматургия / Под общ. ред. М. Лифшица. – М.-Л.: Academia, 1936. – 248 с.
2. Раев С. Азия әдебиетінің алтын дәуірі келе жатыр // Егемен Қазақстан. – 2019. – №32. – Б. 7.
3. Шортанбай Ш.А. Қ. Ысқақтың «Келмес күндер елесі» роман-эссесіндегі қаламгерлер бейнесі және авторлық ұстаным // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №1(127). – Б. 108–119. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.09>
4. Аймұхамбет Ж.Ә., Құрмамбаева Қ.С., Миразова М.Н. Көркем туындыдағы бейне мен таңбаның қызметі // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №1(127). – Б. 34–45. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.03>
5. Словарь символов. – 2013. Электронный портал. SLOVARonline. [Электронный ресурс]. URL: <https://znachenieslova.ru/slovar/symbol> (дата обращения 20.02.2023)
6. Грибанов В. Знаки и символы. Семиотика. Ч. 2. – Москва: Амфора, 2011. – 117 с.
7. Раев С. Плач царицы. Новая литература Кыргызстана. Кыргызстандын жаңы адабияты. Крупнейшая электронная библиотека произведений отечественных авторов. [Электронный ресурс]. URL: www.literatura.kg (дата обращения 20.02.2023)
8. Нұрғалиев Р. Драма өнері. – Алматы: Санат. – 2001. – 272 б.
9. Каримова Г.С. Қазіргі қазақ драматургиясы: идея және көркем шындық // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2016. – №1(159). – Б. 450–456.
10. Тымболова А. Драмалық шығармалардың лингвистикалық поэтикасы. – Алматы: Елтаным, 2013. – 328 б.

REFERENCES

1. Lessing G. Gamburgskaia dramaturgia [Hamburg Drama] / Pod obsh. red. M. Livshic. – M.-L.: Academia, 1936. – 248 s. [in Russian]
2. Raev S. Azia adebietinin altyn dauiri kele jatyr [The golden era of Asian literature is coming] // Egemen Qazaqstan. – 2019. – №32. – B. 7. [in Kazakh]
3. Shortanbai Sh.A. Q. Ysqaqtyn «Kelmес kunder elesi» roman-essesindegi qalamgerler beinesi jane avtorlyq ustanym [The Image of Writers and the Author's Position in the Novel-essay by K. Yskak «The Illusion of the Past Days»] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2023. – №1(127). – B. 108–119. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.09> [in Kazakh]
4. Aimuhambet J.A., Qurmambaeva Q.S., Mirazova M.N. Korkem tuyndydagы beine men tanbanyn qyzmeti [The Role of Image and Sign in a Artwork] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2023. – №1(127). – B. 34–45. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.03> [in Kazakh]
5. Slovar simvolov. – 2013. Elektronnyi portal. SLOVARonline. [Electronic resource]. URL: <https://znachenieslova.ru/slovar/symbol> (date of access 20.02.2023) [in Russian]
6. Gribanov V. Znaki i simvolы. Semiotika [Signs and symbols. Semiotics]. Ch. 2. – M.: Amfora, 2011. – 117 s. [in Russian]
7. Raev S. Plach caricy [The Queen's Lament]. Novaia literatura Kyrgyzstana. Kyrgyzstandyn jany adabiaty. Krupneishaia elektronnaia biblioteka proizvedeni otechestvennyh avtorov. [Electronic resource]. URL: www.literatura.kg (date of access 20.02.2023) [in Russian]
8. Nurgaliev R. Drama oneri [The art of drama]. – Almaty: Sanat. – 2001. – 272 b. [in Kazakh]
9. Karimova G.S. Qazirgi qazaq dramaturgiyasы: ideia jane korkem shyndyq [Modern Kazakh drama: idea and artistic reality] // QazUU habarshysy. Filologia seriasy. – 2016. – №1(159). – B. 450–456. [in Kazakh]
10. Tymbolova A. Dramalyq shygarmalardyn lingvistikalыq poetikasy [Linguistic poetics of dramatic works]. – Almaty: Eltanym, 2013. – 328 b. [in Kazakh]